

**"Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 1251  
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 5 ақпандағы № 88 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі  
№ 754 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу ережесін бекіту туралы  
» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 1251  
қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын  
ә з і р л е у е р е ж е с і н д е :

8 - т а р м а қ т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) үш жылдық кезеңге арналған басым республикалық бюджеттік  
инвестициялар тізбесі (қосымша түрінде);»;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) жоспарлы кезеңге арналған шартты қаржыландырылатын шығыстардың  
тізбесі (қосымша түрінде).»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Жоспарлы кезеңге арналған шартты қаржыландырылатын  
шығыстардың тізбесі осы ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша  
а й қ ы н д а л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 12-1 және 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

«12-1. Шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі мен көлемін  
бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады және  
Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

12-2. Шартты қаржыландырылатын шығыстарды бөлу тәртібін Қазақстан  
Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

1 5 - т а р м а қ т а :

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Екінші кезеңде республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылау және болжамы жобасының бөлімдерін қалыптастыру, оның ішінде басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесін нақтылау, сондай-ақ шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесін қалыптастыру жүзеге асырылады.»;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) РБК қорытындысын ескере отырып, басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесін және шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесін қоса алғанда, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы жоспарланатын кезеңнің" алдындағы жылдың 15 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізіледі;

4) басым республикалық бюджеттік инвестициялар тізбесін және шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесін қоса алғанда, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдайды.» ;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі С. Ахметов  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2013 жылғы 5 ақпандағы

№ 88 қаулысына

қосымша

Әлеуметтік-экономикалық

даму болжамын

әзірлеу

ережесіне

3-қосымша

## Жоспарлы кезеңге арналған шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі

Р/с №	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің атауы	Шығыстардың атауы	Сомасы, млн. теңге
1	2	3	4
	Жиыны:		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК